

## Тема 12. Аэрография в изобразительном искусстве

Итоговое теоретическое занятие проходит в форме собеседования, дается анализ проделанной работе. Рефлексия учащихся: экспериментальный курс познакомил меня..., на занятиях я научился..., я столкнулся с трудностями при выполнении..., в своем самостоятельном творчестве я буду...

Творческое задание к теме 12 – подготовка эссе на тему: «Аэрография в современном изобразительном искусстве». Итоговая работа формата А3 на тему «Полет фантазии» с применением полученных знаний. Материалы: акварель, гуашь, акрил, бумага, пластик. Контрольный просмотр выполненных работ и их обсуждение.

Подводя итог исследования, необходимо отметить, что художественное образование способствует получению знаний, объединяющих физические, умственные и творческие способности обучающихся. Оно позволяет сделать взаимосвязь между образованием, культурой и искусством более динамичной и плодотворной.

Обществу XXI века требуется творческая, гибкая, способная к адаптации и восприимчивая к инновациям молодежь, поэтому образовательные системы должны развиваться с учетом этих требований. Художественное образование прививает учащимся необходимые навыки, учит их умению выразить себя, критически воспринимать окружающий мир и активно участвовать в различных сферах человеческой деятельности [3].

### Литература:

1. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011 – 2020 годы. Официальный сайт Премьер - Министра Республики Казахстан [Электронный ресурс]. – Режим доступа: [https://primeminister.kz/page/article\\_item-34](https://primeminister.kz/page/article_item-34)
2. Художественное образование в Республике Казахстан: осмысление национальной идентичности и сближение культур. Научно-аналитический доклад. – Алматы: Казах. Нац. Фед. Кл. ЮНЕСКО, 2010. – 60 с.
3. Дорожная карта художественного образования: создание творческого потенциала для XXI века / Всемирная конференция по образованию в области искусств. Лиссабон, 2006 [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://portal.unesco.org/culture/en>

**Дінжанова А.А.,** Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ, педагогика және филология факультеті, шетел тілі: екі шетел тілі, 3 курс студенті  
(*Ғылыми жетекшісі - аға оқытушы Абдрахманова Р.Б.*)

## ДАМЫҒАН МӘНГІЛІК ЕЛ АЯСЫНДА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ЖАНДАНДЫРУ ЖОЛДАРЫ

«Қазақстандық жол 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында (17.01.2014ж.) Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу керектігін ескертті. Бізде аз емес сондай адамдарға қамқорлық көрсетуде Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуы тиіс. Бұл өзіміздің және қоғам алдындағы парызымыз. Білім беру мекемесінің ортасы денсаулығының мүмкіндігі шектеулі балалардың қажеттілігіне бейімделуі тиіс, «кедергісіз» болуы керек, өйткені мүгедек балалардың толыққанды қоғамға кіріуін қамтамасыз етуі қажет», - деп атап көрсеткен болатын.

ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жж. арналған Мемлекеттік бағдарламасында алғаш рет мүмкіндігі шектеулі балаларды білім беру үдерісіне енгізу, олар үшін қолжетімді ортаны қамтамасыз ету жұмыстары қолға алына бастады. Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Осы жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивтік білім беру дегеніміз - барлық балаларды, соның ішінде

мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат. Мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алу құқықтары «Қазақстан Республикасының балалардың құқықтары туралы», «Білім беру туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетуге ықпал ету туралы», «Қазақстан Республикасында кемтарларды әлеуметтік қорғау туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарында, Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген. Инклюзивті білім беру немесе «білім баршаға» бағдарламасы - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Қазіргі қоғамда болып жатқан көп өзгерістер мен әлеуметтік теңсіздіктер, отбасылық, қоғамдық, экологиялық, экономикалық дағдарыстардан жүйке жүйесі бұзылған, психикалық дамуында тежелуі балалардың көбеюі болып отыр. Бүгінгі таңда елімізде мектепке дейін және мектеп жасындағы балалардың 5%-ы денсаулығындағы ауытқуларына байланысты мүмкіндігі шектеулі балалар қатарына жатады және Қазақстан Республикасы мен «Білім туралы» заңына сәйкес бұл балалар қалған балалар сияқты білім алу құқығына ие болуы, оларға білім алу мүмкіндіктеріне сәйкес білім берілуі керек.[3] Осындай балаларда тез шаршау пайда болады, сөздік қорының аз болуы, ойын және іс-әрекеттің қалыптасуының баяулығы, қабылдауы бәсең жүреді, ойлау қызметінің төмендігі, логикалық ойлауының даму қиындығына соқтырады. Психикалық дамуында тежелуі бар балалар – әдетте ұзақ уақытқа әр түрлі себептегі науқастар салдарынан, түрлі созылмалы аурулардан, туа біткен және жүре пайда болған жүйедегі ауытқулардан, балалардың жүйкесіне зиян келетіні белгілі. Көп жағдайда мұндай балалар әлсіз, әлжуаз, қорқақ және тұлғалық қарым-қатынаста шектеулі болып келеді. Көңіл – күйінің төмендеуі баланың орталық жүйке жүйесінің дамуына әсер етеді және шектейді. Мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру, оларға психологиялық тұрғыдан жайлы түзеу – дамыту білім беру ортасын құру үшін қарастырылған білім беру стандарттарын, емдеу және оңалту шеңберінде тең жағдайлар мен қарапайым балалармен тең білім беру мүмкіндіктерін қамтамасыз етіп білім беру, сондай-ақ олардың әлеуметтік маңызы бар және әр түрлі шығармашылық белсенділік түрлерін енгізу керек.[2]

Қазіргі таңда ерекше білім алушыларды жаппай білім беру үрдісіне интеграциялау барлық дамыған елдердің ғаламдық мәселесіне айналып отыр. Қоғам мен мемлекет мүгедек пен денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі адамдарға көзқарасын түбегейлі өзгертіп, олардың қоғамда өз орынын тауып өз құқықтарын, соның ішінде білім саласындағы, жүзеге асыруға дайындығы – осы интеграцияның негізі болып табылады.

Тоқсаныншы жылдары басталған интеграциялық үрдіс қазіргі таңда, бір жағынан демократиялық өзгерістерге екінші жағынан білім беру саласындағы реформаларға байланысты тенденциялар тұрақты сипатқа ие болды. Ең бастысы мүгедек пен денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі адамдарға қоғамның көзқарасын түбегейлі өзгертіп, оларға аяушылық, түсіністік пен толеранттық сезім ояту қажет, сонымен қатар олардың санасына интеграциялық білім идеясын жүйеге келтіру қажет. Бұл үрдіске қатысушылар осы идеяны қолдап қоғамдағы адамдар бір-біріне көмек қолын созу керектігі міндетті екендігін сезінуі тиіс.

Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандайда бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Инклюзивті бағыт мұндай балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Мұндай оқыту - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Оқытудың бұл түрі – оқушылардың тең құқығын

анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді. Инклюзивтік білім беру тек педагогтардың ғана міндеті емес ең алдымен нақты балаға білім беруге қатысты арнайы команда құрылуы керек. Ол командаға міндетті түрде баланың ата-анасы қатысуы, сонымен қатар психолог, корректор (оңалтушы) мұғалім, дәрігерлер т.б. мамандар қосылуы тиімді болып саналады. Ол мамандардың өз ісіне құзыреттілігіне сенімді болу үшін білімдерін үнемі жетілдіріп отыруы керек.[5]

Біздің ойымызша инклюзивтік білім берудің басты бағыттарын былай сипаттауға болады:

1. Оңалту - педагогикалық команда құру,оның қоғаммен және білім беру ұйымдарымен тығыз байланыста еңбек етуі қатаң бақылануы тиіс;

2. Мүгедек пен денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивтік білім беруді ұйымдастыру және жан-жақты қолдау;

3. Білім берушілерге әдістемелік және психологиялық-педагогтік қолдау көрсетілуі;

4. Арнайы оңалту мекемелерінің педагогтарының педагогикалық шеберліктерін жетілдірудің уақыттылығын және жүйелілігін басты назарда ұстау.

5. Мамандардың білімдерін жетілдірумен қатар өзара тәжірибелерімен алмасып озық тәжірибелерді,соның ішінде әлемдік тәжірибелерді еңгізу.

Инклюзивті оқыту- адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді.

Осындай оқытудың негізгі қағидаларын былай түсіндіруге болады:

Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктерімен анықталады.

- Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.

- Әрбір адам қарым-қатынасқа құқылы.

- Барлық адам бір-біріне қажет.

- Білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады.

- Әрбір адамдар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.

- Қай оқушы үшін де жетістікке жету - өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру.

- Жан- жақты адам өмірінің дамуын кеңейтеді.

Инклюзивтік білім беру – барлық балаларды жалпыбілім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділіккешақыруға баланың түзеу - педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, қоршаған ортаның балаларды жасерекшеліктеріне және білімдік қажеттіліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру,атап айтқанда, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Қазіргі заман талабына сай, полимәдениетті тұлға қалыптастыру жолында да,шет тілі сабақтарында инклюзивті білім беру саясаты жүзеге асырылуда. Өйткені тілді үйренудегі мүмкіндіктерін пайдалануға оқытудың мағызы зор екендігі белгілі. Мүмкіндігі шектеулі балалардың арасында да тіл үйренуге деген ынталарын жүзеге асыруда біздің міндеттің бірі болып табылады.

*Шетел тілі сабақтарында инклюзивті білім беруде ұсынылатын шаралар:*

- жаттығуларды орындау барысында жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің есте сақтауын қамтамасыз ету ,лексикалық дағдыларын қалыптастыру;

-«мүмкіндігі шектеулі», «ерекше» балалардың қызығушылығын арттырып,шет тілін үйрету барысында ақпаратты-коммуникациялық технологияларды пайдалану;

-жағымды психологиялық ортаны қалыптастыру;

- Мүмкіндігі шектеулі балалардың дамуына бейімделген, денсаулықтарына кері әсерін тигізбейтіндей арнайы мүмкіндіктерін ескере отырып, аудиоматериалдармен, қарапайым интерактивті тапсырмалармен жұмыс жүргізу;

- әр сабақта бала тапсырманы орындай отырып қуанышқа бөленетіндей, сабақ барысында «табысты жағдайды» қалыптастыру.

Мен өзім оқыған мектепте ұстаздарымыз үйден оқитын балаларға бар жүрегін беретінін көріп өстік. Менің кластасым Сабина атты қызды үйден оқытып, ол қыз бала бізбен бірге мектеп бітірді. Қазір өзін толыққанды азамат сезінетініне мен сенімдімін. Арнайы курстан өтіп өзінің іс қағаздар кеңсесін ашып алды. Ауылдастарым ол кеңседе түрлі құжаттардың көшірмелерін бастырып, құжаттарды дайындаып ала алады. Тек қоғам ғана жалпы адамзат баласы мүгедек және денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі адамдардан, әсіресе балалардан бас тартпай қол ұшын беруді өз парызым деп білуі керек екендігін атап айтқым келеді. Ешбір адам өзін алда не күтіп тұрғанын білмейді, сондықтан инклюзивті білім керектігін қоғамға қажет деп санаймын.

Инклюзивті білім берудің тиімділігін «Орта сапасы» - инклюзивті білім беруге барлық қажетті жағдайларды жасаған ұйымдардың жалпы білім беру ұйымдарының жалпы санынан үлесі, бұл көрсеткішті білім берудің түрлі деңгейлері тұрғысында бөлек қолданылуға болады. Аталған мәселелер кедергісіз орта сапасының көрсеткіштері, инфрақұрылым қолжетімділігі, әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық қолдау, білім беру бағдарламаларының бейімділігі және бағалау жүйесі, тең құқылы қарым-қатынас атмосферасы қамтылады; «Қамту сапасы» - білім берудің әртүрлі деңгейі және ерекше оқытуды қажет ететін адамдардың түрлі категорияларын (мүмкіндіктері шектеулі, оралмандар, жетімдер және басқа категориядағы адамдар) бойынша ерекше оқытуды қажет ететін тұлғалардың жалпы санындағы инклюзивті біліммен қамтылған тұлғалар санының үлесі; [5]

«Қосу деңгейі» - ерекше оқытуды қажет ететін тұлғалардың және олардың өкілетті өкілдерінің білім беру қызметтерін сапалы ұсыну және жалпы білім беру ұйымдарында олардың қажеттіліктерін ескеру деңгейімен қанағаттану дәрежесін шамалау;

«Қолайлы жағдай жасау деңгейі» - бейімделген, қолайлы білім беру кеңістігін қалыптастыру, кемсітушілікке, бөлектеуге жол бермеу бойынша шаралар қолдану, білім алуға қатысушылар арасында келіспеушіліктерді болдырмауды дамыта білу;

Тұжырымдамалық тәсілдер Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес инклюзивті білім беруді дамытудың жоғары көрсеткіштеріне жетуге, барлық адамдардың сапалы білім алуына толыққанды тең қолжетімділігін қамтамасыз етуге, инклюзивті үдеріспен қоғамның қанағаттануына, мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды толерантты қарым-қатынас қалыптастыруға; инклюзивті білім беруді ресурстық қамтамасыз етуге, нормативтік-құқықтық және ұйымдастырушылық-экономикалық негіздерін қамсыздандыруға мүмкіндік береді. [4]

#### Әдебиеттер:

1. Қ.Жұмасова Психология Астана -2006ж.
2. Жарықбаев Қ. Жалпы психология, 2000.
3. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы. ҚР 2002ж №343 заңы.
4. Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарына арналған мемлекеттік бағдарламасы.-Астана, 2010.
5. Республикалық педагогикалық –әдістемелік журнал .Әлеуметтік педагог .№4 2010ж.